

№ исх: А/3/1/27413 от: 30.10.2023

№ вх: 4835/ДС-372 от: 31.10.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК  
КОМИТЕТІНІҢ  
ТӨРАҒАСЫ



ПРЕДСЕДАТЕЛЬ  
КОМИТЕТА НАЦИОНАЛЬНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 66

010000, город Астана, ул. Сыганак, 66

№

**Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісіне**

*Теріс діни ағымдарға заңнамалық тыйым салуға қатысты  
(05.10.2023ж. тіркеу №ДС-372 құжатына)*

Теріс діни ағымдарға (ТДА) және діни қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіруге қатысты депутаттық сауал қарастырылды.

ҰҚК құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін үйлестіреді.

Мәселен, Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама іске асырылды.

Осы мерзім ішінде 18 зорлық-зомбылық акциясының алды алынды (2018 – 3, 2019 – 3, 2020 – 6, 2021 – 3, 2022 жыл-3).

Қазақстандық қоғамның құндылықтарына (ҚҚҚ) ТДА-ның 5908 жақтаушысы бейімделген. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан 298 адам радикалсыздандырылды.

Жалпы қабылданған шаралар теріс діни ағымдардың ұстанушылары санының белсенді өсуін тоқтатуға, жекелеген өңірлерде олардың төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бітіспес радикалдарға қатысты қылмыстық және әкімшілік тәжірибені қолдану оң әсер етті. Тек 2023 жылы террористік және өзге де қылмыстар үшін 87 адам ұсталып, 36 ТДА жақтаушысы сотталды.

Мемлекеттік бағдарламаның қисынды жалғасы «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік жүйесін дамытудың кешенді жоспарын» әзірлеу болып табылды (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 787қбп қаулысымен бекітілген).

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Діни қызметті реттеу саласындағы заңды қатаңдату қажеттілігіне катысты бастама осыған дейін мемлекеттік деңгейде бірнеше рет талқыланған болатын.

Бұл мәселе 2016 жылғы Ақтөбе мен Алматыдағы белгілі террористік актілерді тергеу нәтижелерін ескере отырып, 2017 жылы ерекше өзектілікке ие болды.

ҰҚК сол кезеңде дін саласындағы мемлекеттік бақылауды заңнамалық тұрғыдан қатаңдату қажеттілігін қолдады.

ҰҚК сарапшылар тобының қатысуымен ДИАҚМ-мен *(қазіргі уақытта МАМ)* бірлесіп «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға тиісті өзгерістер дайындалды.

Заң жобасында діни бірлестіктердің қызметіне, діни әдебиеттер айналымына, шетелде рухани білім алуға, миссионерлік және басқа да діни қызметке бақылауды күшейту жөніндегі нормалар қамтылды.

Сондай-ақ «сыртқы атрибуттарды, киім заттарын қоса алғанда, теріс діни ағымдарға қатыстылығын анықтайтын белгілерді бекіту» функцияларын беру арқылы уәкілетті органның құзыретін кеңейту ұсынылды.

Бұл нормалар радикалдардың алдын алуда айтарлықтай қолдау көрсетіп, ең алдымен, ТДА жақтаушыларына олардың радикалдану сатысына дейін ескерту шаралары ретінде санкциялар қолдануға мүмкіндік береді деп күтілген.

Заң жобасы мемлекеттік органдарда келісіліп, Парламент Мәжілісінде таныстырылды, қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің жұмыс тобымен талқыланды.

Алайда АҚШ Мемлекеттік департаментінің 2018 жылғы «ҚР-дағы діни сенім бостандығы туралы» жыл сайынғы баяндамасында заң жобасы теріс бағаға ие болды және Қазақстан кейіннен ел рейтингін төмендете отырып, «ерекше бақылау тізіміне» енгізілді.

Алдағы уақытта елімізге саяси және экономикалық санкцияларды қолданудың ықтимал тәуекелдеріне байланысты 2018 жылдың соңында ДИАҚМ заң жобасы бойынша жұмысты тоқтатып, 2019 жылдың қаңтарында Парламенттен қайтарып алды.

Заңның жекелеген, неғұрлым талап етілетін нормаларын өзектендіру бойынша кезекті әрекетін АҚДМ *(қазіргі уақытта МАМ)* 2022 жылғы ақпанда қолға алды және оны ҰҚК қолдады, бірақ Қазақстанға санкцияларды қолдану қаупі алдын ала ескерілді.

Құқықтық негіздердің болмауы бүгінгі таңда тиімді және мақсатты алдын алу шараларын жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейтін негізгі факторлардың бірі болып табылуда.

Атап айтқанда, кең тәжірибелік қолданысқа қарамастан, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық базада және негізгі бағдарламалық құжаттарда «теріс діни ағым», «дерадикалдандыру» және «оңалту» сияқты ұғымдар көрініс таппаған.

Мұндай жағдайда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі пісіп жетілген болып көрінеді.

Сонымен бірге теріс діни идеология (*ойдың*) және осы сипаттағы ағымдарда ұйымдасқан құрылымның (*ұйым, бірлестік ретінде*) белгілері жоқ екенін атап өткен жөн.

Осы себепті бұл бағыттағы құқық қолдану тәжірибесі проблемалық аспектілерге тап болуы мүмкін.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама ағымдар мен қозғалыстарды емес, заңсыз қоғамдық және басқа бірлестіктерді құру және олардың қызметіне қатысу үшін ғана қудалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар теріс діни ағымдардың іс-әрекетіне заңнамалық тыйым салу ықтимал тәуекелдерді қамти отырып, сыртқы және ішкі сипаттағы белгілі бір қауіптерге ие.

Біріншіден, ТДА жақтастарының неғұрлым радикалды бөлігінде наразылық әлеуетінің күшеюі, олардың жаңа заңнама талаптарымен келіспеуіне байланысты үшінші елдерге «хижра» (*көшу*) жасауы.

Екіншіден, бұрынғыдай шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар (*ХҰҰҰ, құқық қорғау ұйымдары және т.б.*) тарапынан дінге сенушілердің құқықтарына нұқсан келтірді деген сылтаумен қысым мен сынның күшеюі.

Үшіншіден, шетелдік содырлардың ұмтылыс векторын Қазақстанға көшіруі.

Төртіншіден, ТДА өкілдерінің тербелмелі бөлігінің неғұрлым шешуші әрекеттерге ауысуына байланысты діни көзқарастарының радикалдануы.

Бесіншіден, ТДА ұстанатын сотталғандар санының ұлғаюы және түзеу колонияларында олардың идеологиялары таралуының өсуі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, дін саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мәселесін өзектендіру мүмкін деп пайымдаймыз, бірақ ел үшін барлық ықтимал тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді ескеру мақсатқа сай болып табылады.

**Комитет Төрағасы**

**Е. Сағымбаев**